

5.1.

Шешім қабылдау функциясы

Орындаған: ПИМНО 22 1 с/о
Қасқырбаева Сабина





ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ФУНКЦИЯСЫ

Шешім қабылдау барлық басқару процесінің негізгі бөлігі, себебі басқарушы қызметінің өзегінің өзі де шешім қабылдаудан тұрады. Басқару шешімдері – мәселелерді шешуге бағытталу, шығармашылықпен келу, менеджмент жүйесіне сай әдіс, тәсілдерді таңдау жүйесі. Шешім қабылдау – ұйымдастыру бөлігі, ұйымдастырушылық жүйелі үрдіс. Шешім қабылдау ұғымы шешімді дайындау, жоспарлау яғни альтернативаларды таңдаумен анықталады.

Шешімнің сәтсіз қабылдануына ықпал ететін мәселелер: ақпараттың аздығы, шешім қабылдау тәсілдерінің әлсіздігі, уақыттың қысқалығы, шешім қабылдайтын жақтардың өзара келіспеушіліктері

Сол себепті шешім қабылдау ісіне қатысушылардың барлығы жауапкершілік, ортақ мақсатқа бағытталу, жұмысты уақытында орындауы, кәсіби құзыреттілік тұрғысынан келуі керек.

Г. Я. Голдштейн басқару саласындағы шешім қабылдау үрдісін бірнеше белгілер бойынша топтастырған:

Объекті бойынша (қағидаға негізделген шешімдер, жоспарлау жүйесіне байланысты стратегиялық, тактикалық, жедел шешімдер);

Қабылдау жиілігіне қарай (кездейсоқ, қайталанатын, күнделікті, әдеттегі шешімдер);

Басшылық бойынша (жеке тұлғалардың, менеджерлердің, орындаушылардың тарапынан шығарылатын шешімдер).



Шешім қабылдау үрдісінің құрылымдық бөліктері:

- Мақсат
- Тәуекелдік
- Альтернативалар
- Күтілетін нәтижелер
- Шешімдер

Тәуекел – жақсы аяқталуға үміттенетін, сәттілікке жасалатын іс-әрекет, ресурстар мен пайданы жоғалтып алу қаупі; белгісіздік жағдайында менеджердің жайы немесе нәтижесінде болатын сәтсіздікке сандық баға беру. Барлық шешім қабылдау барысы тәуекелмен байланысты, себебі болашақта не болатыны, нәтижеге жете ала ма, жоқ па – оның бәрі белгісіз, тек болжамды нұсқадан ғана тұратыны белгілі. Осы бағытта тәуекелділіктің орны ерекше.

Тәуекелділік – негізгі мәселелерге (қаржылық, әлеуметтік, білім беру жағдайы, ортасы т.б.) байланысты шешім қабылдау үрдісі.

**Назарларыңызға
рахмет!**

